



ОЙЫН ӘРЕКЕТІ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық ойын кезінде тәрбиеленушілердің жарақаттану жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Ойыншықтарды, текшелерді лақтыруға, бір-бірін итеруге болмайды.
2. Үйден әкелінген заттарды: шыны, өткір және үшкір заттар, сіріңке, дәрі-дәрмектер және т. б. топқа/сыныпқа әкелуге және ойындарда қолдануға болмайды;
3. Үстел үсті ойындарын қолданғаннан кейін қораптарға салып, орнына қою керек. Ойындардың бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды алуға болмайды.
4. Ойын кезінде орындықтар мен үстелдердің үстіне шығуға, үстелдердің астынан еңбектеуге болмайды.
5. Топ бөлмесінде қимылды ойындар өткізген кезде тәрбиеші белгілеп берген аумақты ғана пайдалану керек.
6. Ойын ережесін орындау үшін басқа балаларға кедергі жасамау, итермеу, айқайламау керек.
7. Ас құралдарын, сюжетті-рөлдік ойындардың атрибуттары: қайшылар, тарақтар, жебелері бар шарлар, доптарды және т. б. тек міндетінесәйкес қолдану.
8. Бір-бірінен ойыншықтарды тартып алуға болмайды.
9. Ойын аяқталғаннан кейін барлық ойыншықтар мен ойын материалдарын орындарына қою керек.
10. Табиғат бұрышындағы еңбекті тек тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асыру қажет.
11. Теледидар немесе ноутбукті тек тәрбиеші қосады.
12. Розеткалармен ойнауға, оларға заттарды сұғуғатыйым салынады.

